

Педагогикалық кеңес №1

Мерзімі: 06.08.2022 ж

Қатысқандар: 10

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер.

Такырыбы: «МДМ жаңа оқу жылына дайындығы».

1. Балалармен жазғы сауықтыру кезеңі туралы есеп
2. Балабакшаның оқу жылындағы мақсат - міндеттерімен таныстыру
3. МДМ жаңа оқу жылына дайындығының саралтамасы
4. МДМ жылдық жоспарды бекіту (сабак кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)
5. Аттестаттау туралы

Тындалды:

-Бірінші мәселе бойынша медбике Смайлова Г.К. жазғы сауықтыру жұмысының етілу барысына есеп берді. Балалардың жазғы маусымда жеткілікті мөлшерде шынықтыру, сауықтыру шараларын қабылдағанын айтып өтті. Балалардың денсаулығын нығайту барысында атқарылған жұмыстарынан фотоесеп берді.

-Екінші мәселе бойынша менгеруші Баймолдина К.К. биылғы оқу жылындағы балабакшаның оқу жылындағы мақсат - міндеттерімен таныстырып өтті.

1. «Таным», «Физикалық» дағдыларының мазмұнына сәйкес балаларға қимыл-қозғалыс белсенділігін қатар қарапайым математикалық ұғымдарды тиімді тәсілдермен жан жақты менгертуге жағдай жасау.
2. «Шығармашылық» пен «Коммуникация» дағдыларын кіріктіру әдісімен балалардың өзара тілдік қатынасы дамыту, олардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін, шығармашылық қабілеттің арттыру. Оқу жылындағы кездесетін келеңсіз кемшіліктер болса дер кезінде жойып отыруға, күш біріктіріп тәжірибе алmasып отыруға шакырды.

-Ушінші мәселе бойынша мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығының саралтамасы туралы әдіскер Оразгалиева Г.Б айтып өтті. Топтар арасындағы жаңа оқу жылына дайындықты «Қарлығаш» ересектер тобы мен «Балапан» кіші тобы жоғары деңгейде көрсете білді. «Таным» дағдысы бойынша дидактикалық материалдар, «Физикалық» дағдысы бойынша деңе шынықтыру құралдарын, атрибуттар жасап топтың базасын

жаңартып толықтырған.

4. Мектепке дейінгі мекеменің жылдық жоспары топтардың жылдық перспективасы, айлық, апталық жоспарлары бекітілді. (сабак кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)
5. Педагогтардың аттестаттау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі №152 және 2018 жылғы 29 маусымдағы №316

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бүйрүғина өзгерістер енгізілді деп бүйрүқпен таныстырыды. Осы сұрақ бойынша аттестаттау комиссиясы төрайымының орынбасары Сергазина Н.М.сөз алды. Ол жоғарыда көрсетілген бүйрүқ бойынша аттестаттау ережелерімен таныстырыды. Бірінші кезеңінде тест сынағы болатындығын және соған дайындықты күшетту қажеттілік туралы айтты. Ұстаздарга портфолио жинатындығы туралы айтып өтті.

Шешімі:

1. Медбике Смайлова Г.К. жазғы сауықтыру шараларының есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Топтардың жылдық жоспары (сабак кестесі, күн тәртібінің кестесі,топтың перспективалық,айлық, апталық жоспарлары.)
Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.
3. Педагог қызметкерлерінің өтініштері қабылданып тізімі бекітілсін.
4. Педкенес шешімдерінің орындалуын қадағалауды өзімнің жауапкершілігіне жүктеймін.

Жиналыс төрайымы:

Баймодина К.К.

Жиналыс хатшысы:

Уалиева Д.Т.

